

# АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

## ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты: 23 мамыр 2023 жыл

### Күн тәртібінде:

1. Баяндама : «Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау»
2. Қорытынды сауалнама.
- 3 Ағындағымәселелер. « Қош болбалабақша»ертеңгілікті өткізу

### *Тыңдалды:*

**Бірінші мәселе бойынша,** балабақша тәрбиешісі Турукпаева К.К.баяндама жасады. Баяндама: «Мектепжасына дейінгі балаларды мектепке психологиялық дайындау» . Жас ұрпақ біздіңөміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымасболашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербестұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Тәрбиеүрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектепөмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат -әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан -жақты дамуына ата - ана, мектеп жағдай жасауы керек. Сондықтан сіздергебалаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбиежұмыстарына қатыстырып өзін - өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасындақалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Бір тәуліктің яғни 24 сағаттың 4-5сағаты мектепте, қалғаны тәрбие ордасы, үнемі ата - ана болып қала береді. Баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі, ол мұғалім мен ата – ананыңбірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшақ жасаумен тең десем артық емес. Дұрыс өспеген жеміс ағашы, дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма? Баланың өз бетімен әрекет жасауына мүмкіндік беріңіз (бермеген жағдайдабала өмір бойы бір істі өздігінен істей алмайтын, жалтақ, өзіне сенбейтін болыпөседі). Балаңызға сүйіспеншілікпен қараңыз. Бала түсіністікте және сүйіспеншіліктеөссе, ол бұл әлемнен махаббат табуды үйренеді. Баяндама бойынша балалардың талаптары, ережесі, оқу-құралдары, мектеп, ата-ана арасындағы байланыс, түсіністік ортақ нәтиже туралы құнды ой-пікірлерайтылды, қоштайтындығын білдірді. Сондықтанбалалардың көңіл

күйі болмай, себепсізден жиі ауыруы «мектеп неврозы» сипатында көрінеді. Яғни мектепті еске алса болғаны, жылап, уайымдайды. Сөйтіп, мектеп бала үшін стресс тудыратын факторға айналып, денсаулығының нашарлануына әкеп соғады. Осы кезде әрбір ата-ана өзінің баласына мектеп туралы қажетті мағлұматтар айтып, баланың мектепке деген жағымды қатынас және сенімділік сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу керек. Ең бастысы— баланы жолдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, басқа балалардың ойымен санасуға үйрету. . Баланың психикалық үрдістерінің дамуы оқуда және басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуда қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді.

Мектепке келген бала «оқимын» деген ниетпен мектепте балдырығын аттайды. Бірақ, кейде бала оқуға барғысы келмейді, дегенмен оның себебі әр түрлі болады: бір балалар мектепте көп бала бар және онда көңілді десе, біреуі партаға отырғысы келгендіктен баруы мүмкін..

### **Шешімі:**

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке психологиялық дайындау балабақша тәрбиешілеріне жүктелсін.

### **2. Тыңдалды:**

**Екінші мәселе бойынша,** ата-аналардан қорытынды сауалнама алынып, шынайы жауап берулері сұралды. Сонымен қатар, ата-аналардың жауабы балабақшаның алдағы жылдағы жылдық міндеттемесіне арқау болатыны айтылды. Ата-аналар 17 сұрақтан тұратын сауалнамаға 10 минут көлемінде жауап берді.

### **Шешімі:**

1. Ата-аналардың сауалнамасының қорытындысы шығарылсын.  
Жауапты: тәрбиешілер, әдіскер.

### **3. Тыңдалды:**

**Үшінші мәселе бойынша,** «Қош бол балабақша» ертеңгілікті өткізу мәселесі қозғалды. Ағымдағы мәселелерге ата-аналар тарапынан қарсылықтар болған жоқ.

Ата аналар төрайымы:  Оспанова Ж.С.

Хатшы:  Егеубаева М.Е.